

Қазақстан
Республикасының
Ұлттық Банкі



Қазақстан
Республикасының
Қаржы нарығын реттеу
және дамыту агенттігі

Нұр-Сұлтан қаласы

Алматы қаласы

2020 жылғы «28» шілде
№ 201

2020 жылғы «28» шілде
№ 296

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

**«Қаржы нарығы субъектілерінің жұмыс режимі туралы»
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының 2020 жылғы
3 шілдедегі № 191 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын
реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 3 шілдедегі
№ 275 бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

«Қатаң карантиндік шектеулі шараларды енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 3 шілдедегі № 44 қаулысына сәйкес, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау, коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуын болдырмау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. «Қаржы нарығы субъектілерінің жұмыс режимі туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі 2020 жылғы 3 шілдедегі № 191 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2020 жылғы 3 шілдедегі № 275 бірлескен бұйрығына (бұдан әрі – бірлескен бұйрық) мынадай өзгеріс енгізілсін:

бірлескен бұйрықтың 1-тармағының 1) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жұмыс кестесін 9 сағат 00 минуттан 17 сағат 00 минутқа дейін белгілесін;».

2. Осы бірлескен бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақша айналысы департаменті (Қажымұратов Ж.Т.) және Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Банктерді реттеу департаменті (Қизатов О.Т.), Бағалы қағаздар нарығы департаменті (Медеу Е.А.) және Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті (Терентьев

А.Л.) осы бірлескен бұйрықты бірлескен бұйрықтың қосымшасында көрсетілген субъектілерге жіберсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.В. Вагаповқа және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің
Төрағасы**

_____ **Е. Досаев**

**Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігінің Төрағасы**

_____ **М. Әбілқасымова**